

## **«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫНДА ШЫҒАРЫНДЫЛАРДЫ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ САЯСАТЫ**

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясатты табысты іске асыру үшін табиғи ресурстарды сақтауға, барлық шығарындылардың көздерін түгендеуге, сондай-ақ, адамның денсаулығына және олардың шығарындыларымен байланысты қоршаған ортаға маңызды әлеуетті тәуекелдерімен және әсерлерімен жұмсартуға және басқаруға бағытталған процестер болуы қажет.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында (бұдан әрі - ҚМГ/Компания) шығарындыларды басқару жөніндегі саясаттың (бұдан әрі – Саясат) мақсаты ҚМГ еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Саясатты және ҚМГ Даму стратегиясын іске асыру үшін қоршаған ортаға әсерін мейлінше азайту, тұрақты дамуын арттыру үшін шығарындылардың тиімді басқарылуын қамтамасыз ету болып табылады.

### **Саясаттың негізгі міндеттері:**

- 1) бүкіл Компания бойынша міндетті пайдалануға арналған шығарындыларды басқару тәсілін реттейтін қағидаттарды айқындау;
- 2) өндірістің экологиялық қауіпсіздігін арттыру, шығарындыларды азайту;
- 3) табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, мұнай мен газды өндіру бойынша операцияларда шикі газды тұрақты жақпау практикасын жүзеге асыру, ағып кетудің алдын алу.

### **Шығарындыларды басқару келесі 8 «климаттық» қағидатына негізделеді:**

- 1) қызметті заңнамалық талаптарға және Компанияның өзге де міндеттемелеріне қатаң сәйкестікте жүзеге асыру;
- 2) шығарындылардың белгіленген нормативтерін және ластаушы заттар шығарындыларына лимиттерді, парниктік газдар шығарындыларына квоталарды сақтау;
- 3) рөлдер мен міндеттерді дәл бөлу, құзыреттілігін арттыру, оқыту және хабардар болу;
- 4) шығарындыларды тұрақты есепке алуды, түгендеуді және мониторингіні жүргізу;
- 5) көмірсутегі шикізатын өндіру кезінде шикі газды тұрақты жағылуын тоқтату;
- 6) парниктік газдар шығарындыларын қысқарту және «Көміртегі ізін» азайту жөніндегі іс-шараларды өткізу;
- 7) көміртегі активтерін басқару;
- 8) шығарындыларды басқару бойынша қызметті тұрақты жақсартудың 8 «климаттық» қағидатына негізделеді.

## **1-ҚАҒИДАТ. Қызметті заңнамалық талаптарға және Компанияның өзге де міндеттемелеріне қатаң сәйкестікте жүзеге асыру**

1.1. Компанияда қатысушысы Қазақстан Республикасы болып табылатын халықаралық стандарттар мен келісімдердің талаптары, шығарындыларды басқару саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік заңнамалық актілерінің талаптары, сондай-ақ рұқсат құжаттарында табиғатты пайдалану рұқсаттарымен, талаптарымен қызметке қойылатын барлық заңнамалық шектеулер сақталады.

1.2. Компанияда ҚМГ ішкі құжаттарының талаптары, меморандумдар мен келісімдер шеңберінде міндеттемелер, халықаралық бастамалар шеңберінде ерікті міндеттемелер сақталады.

1.3. Заңнамалық талаптарды және Компанияда жоғарыда көрсетілген саладағы өзге де міндеттемелерді сақтау бойынша міндеттемелерді орындау үшін:

- заңнамалық талаптар және өзге де міндеттемелер сәйкестендіріледі, жүйелі өзектендіріледі және олардағы өзгерістерге мониторинг жүргізіледі;

- Компанияның заңнамалық талаптары мен өзге де міндеттемелері туралы ақпарат ҚМГ қызметкерлері мен мердігерлерінің назарына дейін жеткізіледі.

## **2-ҚАҒИДАТ. Шығарындылардың белгіленген нормативтерін және ластаушы заттар шығарындыларына лимиттерді, парниктік газдар шығарындыларына квоталарды сақтау**

2.1. Компанияның объектілерін орналастыру, салу және реконструкциялау, оның ішінде ұңғымаларды салу қоршаған ортаға қызмет әсерін бағалау жобасына сараптаманың оң қорытындысын және эмиссияға рұқсат алғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

2.2. Компания көзделген қызметтің қоршаған ортасына әсерін бағалау жобаларының құрамында не жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар үшін жекелеген құжаттар құрамында (шекті жол берілетін шығарындылар жобасы) айқындалған ластаушы заттар шығарындыларының нормативтерін, сондай-ақ эмиссияға рұқсаттармен белгіленген лимиттерді сақтайды.

2.3. Компания жол берілетін шығарындылар нормативтерінің, рұқсаттар талаптарының сақталуына тұрақты мониторинг және бақылау жүргізеді.

2.4. Компания парниктік газдар шығарындыларын қысқарту не квоталарды сатып алу жөніндегі іс-шараларды өткізу есебінен парниктік газдар шығарындыларына белгіленген квоталар көлемін сақтайды.

## **3-ҚАҒИДАТ. Рөлдер мен міндеттерді анық бөлу, құзыреттілігін арттыру, оқыту және хабардар болу**

3.1. Компанияда ластаушы заттар мен парниктік газдар шығарындыларын басқару, шикі газдың жағылуын басқару процесіне тартылған барлық құрылымдық бөлімшелер қызметкерлерінің рөлдері мен міндеттері лауазымдық нұсқаулықтарда нақты шектелген және бекітілген.

3.2. Компания мерзімді негізде жауапты қызметкерлердің біліктілігін тұрақты түрде арттырып отырады, семинарларға, конференцияларға, форумдарға қатысады.

## **4-ҚАҒИДАТ. Шығарындыларды тұрақты есепке алуды, түгендеуді және мониторингіні жүргізу**

4.1. Компания шығарындылар туралы мониторинг пен есептіліктің толықтығын, жүйелілігін, ашықтығы мен дәлдігін қамтамасыз етеді.

4.2. Компания парниктік газдар шығарындыларының барлық көздерін түгендеуді жүргізеді, парниктік газдар шығарындыларына квоталар алу үшін құжаттар топтамасын (парниктік газдарды түгендеу туралы анықталған есеп, қондырғының анықталған паспорты және мониторингтің валидацияланған жоспары) әзірлейді және оны заңнамада талап етілетін мерзімде қоршаған ортаны қорғау жөніндегі уәкілетті органға ұсынады.

4.3. Компания ластаушы заттардың барлық шығарындыларына түгендеу жүргізеді, шекті жол берілетін шығарындылар жобаларын келіседі және заңнамада талап етілетін мерзімде эмиссияға рұқсат алады, табиғатты пайдалану шарттарын сақтайды.

4.4. Компания өндірілетін өнімді (қызметтерді) және компанияның «көміртегі ізін» айқындайды; есептеулерде парниктік газдар тікелей (1-деңгей) және жанама (2-3-деңгей) шығарындыларын ескереді.

4.5. Компания шығарындылардың көлемдері бойынша есептер үшін деректерді жинау және есептеу, әртүрлі өндірістік сценарийлерді болжау және модельдеу процесін автоматтандырады.

## **5-ҚАҒИДАТ. Көмірсутегі шикізатын өндіру кезінде шикі газды тұрақты жағылуын тоқтату**

5.1. Компания көмірсутегі шикізатын өндірудің өндірістік объектілерін жобалау және салу кезінде егер осы талапты орындау техникалық, экологиялық себептер, қауіпсіздік талаптары не коммерциялық себептер бойынша мүмкін еместігі дәлелденбесе, шикі газды тұрақты жақпай немесе ағып кетуінсіз объектілерді әзірлейді және пайдаланады. Жаңа алаулар ағынның үздіксіз бақылауымен және түтінсіз технологиямен жарақтандырылуы тиіс.

5.2 Компания көмірсутегі шикізатын өндірудің жұмыс істеп тұрған өндірістік объектілерінде егер осы талапты орындау техникалық, экологиялық себептер, қауіпсіздік талаптары не коммерциялық себептер бойынша мүмкін еместігі дәлелденбесе, шикі газды тұрақты жалындатып жағуды немесе ағып кетуді тоқтатады.

5.3. Компания шикі газды дамыту және шикі газды қайта өңдеу бағдарламасын жыл сайын әзірлейді және бекітеді және шикі газды жағуға рұқсатты уақтылы алады.

5.4. Компания алауда шикі газды жағудың бекітілген көлемдерінен асырмайды және белгіленген мерзімде жағуды қысқарту жөніндегі іс-шараларды орындайды.

5.5. ҚМГ «2030 жылға қарай тұрақты жалындатып жағуды толық тоқтату» Дүниежүзілік банктің жаһандық бастамасын қолдады. Міндеттемені орындау үшін ҚМГ шикі газды тұрақты жалындатып жағуды толық тоқтату бойынша жол картасы әзірленуде. Осы Жол картасының іс-шаралары бизнес-жоспарлау процесі шеңберінде жүзеге асырылуда.

## **6-ҚАҒИДАТ. Шығарындыларды қысқарту және «Көміртегі ізін» азайту жөніндегі іс-шараларды өткізу**

6.1. Компания шығарындыларды азайтуға және «көміртегі ізін» төмендетуге бағытталған, оның ішінде өндіріс пен тұтынудың тұрақты модельдеріне көшу, ресурстарды тиімді пайдалану және парниктік газдар шығарындыларының төмен

деңгейімен технологиялар климаты үшін зиянсыз заттарды қолдау жолымен шараларды қабылдайды.

6.2. Шығарындыларды қысқартуға бағытталған іс-шараларды іске асыру кезінде Компания мынадай барынша маңызды аспектілерге көңіл бөледі: отын газын жағу көлемдерін қысқарту, электр энергиясы, жылу мен бу шығынын қысқарту, жабдықтың жұмыс істеу уақытының шығынын қысқарту, энергия үнемдеуші технологияларды қолдану, кәсіпорындарда энергияның баламалы көздерін қолдану және енгізу, көлікті газға ауыстыру, компрессорлық станциялар жұмысының режимдерін оңтайландыру және өзгелері.

6.3. Компанияда шығарындылар деңгейі өнім бірлігіне азайтылатын энергия тиімділігін қадағалау және арттыру үшін энергия менеджменті жүйесі әзірленді және енгізілді. Компания ҚМГ энергия үнемдеу және энергия тиімділігі жөніндегі іс-шаралар жоспарында бекітілген энергия тиімді іс-шараларды іске асыру нәтижесінде қысқартылған парниктік газдар шығарындылары көлемінің есебін жүргізеді.

6.4. Компания метанды табу және ағып кетуін сандық өлшеу бойынша науқандарды жүргізу, жаңа резервуарлық парктерге қалқымалы қақпақтары бар резервуарларды орнату, мұнайдың жеңіл фракцияларын ұстау алу қондырғыларын енгізу, газ құбырлары учаскелерінде жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде ұтқыр компрессорлық станцияларды пайдалану жолымен өндірістік объектілерде метанның ағып кетуіне жол бермеу жөніндегі іс-шараларды өткізеді.

## **7-ҚАҒИДАТ. Көміртекті активтерді басқару**

7.1. Мониторингтің сенімді тетігін, есептілік пен верификациялауды қоса алғанда, Саясатты табысты енгізген кезде бір кезең ішіндегі қондырғылар арасында оларды сатуды, сатып алуды, ауыстыруды қоса алғанда, көміртегі активтерін (квоталарын) экономикалық тиімді басқару мүмкіндігі туындайды. Компания көміртегі активтерін (квоталарын) табысты басқару үшін мынадай элементтердің бар екендігін көздеуі қажет:

- мамандандырылған басқару және техникалық персоналдың;
- парниктік газдар шығарындылары түгендеуін басқару және сыртқы мен ішкі есептілікті қалыптастыру жүйесінің;
- деректерді архивтеу және сақтау жүйесінің;
- мемлекеттік кадастры және тізілімі бар интерфейснің;
- қаржылық сауда алаңы бар интерфейснің.

## **8-ҚАҒИДАТ. Шығарындыларды басқару қызметін үнемі жақсарту**

8.1. Компания климаттың өзгеріс салдарларын жұмсартуға және оларға бейімдеу үшін жағдайлар жасау бойынша Саясатты және шараларды әзірлеу мен жүзеге асыру мақсатында барлық қажетті шараларды қабылдайды.

8.2. Компанияда шығарындыларды басқару бойынша процестер айқындалған және енгізілген, шығарындыларды басқару саласындағы ішінен регламенттейтін құжаттар мен жұмыс нұсқаулықтары бекітілген.

8.3. Компания климаттың өзгеруіне байланысты кез келген болуы мүмкін ең аз зиянды болжайды, ескертеді немесе қысқартады.

8.4. Компания операциялар мен өнімдердің тиімділігі мен тұрақтылығын арттыру бойынша ең жаңа инновациялық технологияларға қаражатты инвестициялайды.

8.5. Компания климатты өзгертуге байланысты халықаралық ынтымақтастықты қолдайды, сондай-ақ оларға қатысады.

Саясаттың қолданысы Компанияға таралады. Компанияның басшысы шығарындыларды басқару жүйесін қажетті ресурстармен және жағдайлармен қамтамасыз етуге жауапкершілік алады.






«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында  
шығарындыларды басқару жөніндегі саясатына  
келісім парағы  
(KMG-ST-3293.1-13)

ИБЖ нысаны

KMG-F-235.12-8/PR-6.12-8

стр. 1 из 2

**Келісілді:**

Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі басқарушы директор		Спинелли В.А.
Стратегия жөніндегі басқарушы директор		Қарымсақов Э.Б.
Құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директордың міндетін атқарушы		Ерназаров І.Б.

орын. Г.Бақытқызы  
тел. 8 (7172) 78 93 32

